

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары
Д. Қ. Мыңбайға,
Е. С. Бейсенбаевқа

2021 жылғы 13 қазандағы
№ ДС-303 хатқа

Құрметті депутаттар!

Сіздердің депутаттық сауалыңыздағы ажырасу жағдайларын азайтуға бағытталған ұсыныстарыңызды қарап келесіні хабарлаймыз.

Орта білім беру ұйымдарында отбасы мәдениетінің құндылықтарын сақтау және насихаттау тәрбие жұмысының бір бағыты болып табылады.

Білім беру ұйымдарында «Ата-аналар мектебі», «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» сияқты бастамаларды іске асырылуда.

Сондай-ақ, білім бағдарламасында бастауыш сыныптардан бастап отбасылық құндылықтарды дәріптеуге және насихаттауға ерекше назар аударылады.

Мысалға: мектептердің бастауыш сыныптарының «Әліппе», «Қазақ тілі», «Ана тілі», «Дүние тану», «Жаратылыстану», «Өзін-өзі тану» пәндеріне «Менің - отбасым», «Мен және мені қоршаған орта», «Менің - атам мен әжем», «Менің - әпкем мен бауырым», «Ортақ үйіміз», «Салауатты отбасы», «Балалық шақ мейрамы», «Отбасы дәстүрлері», «Отбасында өзара түсіністікті үйренеміз», «Алғыс айту», «Менің отбасымдағы адамдар», «Ата-анамды құрметтеймін», «Үлкен болған кезімде, сыйлы болам өзімде», «Атасы мен немересі», «Мәпелейсін анам», «Кішілерге қамқормын», «Бесік жыры», «Қолғанат», «Үлкендерді тындаймын», «Аналар мерекесі» сияқты тағы басқа да көптеген тақырыптар қамтылаған.

Орта буын білім алушыларға «Қазақ тілі», «Әдебиет», «Тарих», «Жаратылыстану», «Өзін-өзі тану» пәндерінде бұл құндылықтарға ерекше назар аударылған. С.Торайғыров «Шығамын тірі болсам, адам болып», А. Құнанбаевтың «Бірінші қара сөзі», М. Әуезов «Көксерек», Т. Әбдік «Қонақтар», «Сүйіспеншік пен жақсылық жолы», «Отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті», «Бастаулардың бастауы», «Басқаларды түсіну», «Шежіре», «Менің жеті атам», «Рухани мәдениет», «Ата-бабалардың рөлі», «Атадан балаға», «Генитакық код» тақырыптары арқылы отбасыға құрмет, сый көрсету айқындалған.

Жоғары сынып білім алушыларға «Қазақ тілі», «Әдебиет», «Тарих», «Орыс тілі», «Өзін-өзі тану», «Қоғам тану» пәндерінде «Махаббат және отбасы құндылықтары», «Отбасының орны», «Отбасы мүшелеріне құрмет», «Отбасы құқығы», «Отбасының қоғамдағы маңыздылығы», «Жеті ата», М. Әуезов «Абай жолы» романы, Т. Молдағалиев «Бауырлар», Қ. Аманжолов «Өзім туралы», А. Құнанбаев «17,33 қара сөздері», В. Набоков «Рождество», Л. Толстой «Война и мир», В. Тендряков «Хлеб для собаки», В. Жуковский «Баллады» тақырыптары отбасы құндылықтарына арналған.

Әлеуметтік-саяси білім беру модулінің оқу бағдарламасының мазмұны «Әлеуметтану», «Отбасы және қазіргі заман», «Отбасы кроссмәдени және тарихи перспективада», «Отбасы типологиясы. Неке мен туысқандық», «Отбасының әлеуметтік қызметтері. Отбасының әлеуметтанулық перспективалары» және тағы басқа тақырыптарды қамтиды.

Сонымен қатар, отбасы мәдениетіне байланысты Психология, Әлеуметтану және әлеуметтік-мәдени жаңғырту, Демографиялық қауіпсіздік пәндері көзделген. Бұл пәндер «Қыз тәрбиесінің дәстүрлі әдістері», «Отбасылық қатынастар психологиясы», «Отбасы мен отбасылық қатынастардың заманауи трансформациясы», «Қазақстандағы демографиялық қауіпсіздік», «Отбасылық өмірдің психологиясы мен этикасы» сияқты тақырыптарды қамтиды.

«Неке және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы ҚР кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 19-бабының 1, 3, 4-тармақтарына сәйкес егер сот ерлі-зайыптылардың одан әрі бірлесіп өмір сүру және отбасын сақтау мүмкін еместігін анықтаса, ерлі-зайыптылар некені бұзу туралы сотқа өтініш берген күннен бастап бір ай өткен соң неке сот тәртібімен бұзылады.

Сондай-ақ, Кодекстің 20-бабында ерлі-зайыптылардың біреуінің некені бұзуға келісімі болмаған кезде сот ерлі-зайыптыларға татуласу үшін алты ай шегінде мерзім тағайындай отырып, істі қарауды кейінге қалдыру нормасы қарастырылған.

Сонымен қатар, 2022 жылға арналған үкіметтік емес ұйымдарға берілетін грант жоспарының аясында отбасы соттары жанында «Бақытты отбасы» ресурстық қолдау орталықтарының жұмысын ұйымдастыру шарасы қарастырылды.

Осы іс-шараның шеңберінде некені бұзуға ниет көрсеткен ерлі-зайыптылар үшін психологиялық, заңды және медициналық кеңес беру, ерлі-зайыптыларды татуластыруға бағытталған ажырасулардың профилактикасы бойынша оқыту және аумақтық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерімен бірлесіп, жас жұптардың некені тіркеу сатысында оларға тренингтер ұйымдастыру жұмыстары көзделген.

Бүгінгі таңда азаматтардың зейнетақы жинақтарының жеткілікті шегінен асатын бөлігін тұрғын үй сатып алу мақсатында «Отбасы банкіне» аудару бойынша Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 21 қаңтардағы № 24 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес біржолғы зейнетақы төлемдерін тұрғын үй жағдайларын жақсартуға пайдалану қағидаларына өзгерістер енгізу жобасын әзірлеп мүдделі мемлекеттік органдарына келісуге жіберді.

Сонымен қатар, «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасында «Тұрғын үй құрылысының барлық бағдарламалары бойынша жас отбасыларға арналған қарыздар үлесі» көрсеткіші «Тұрғын үй құрылысы бағдарламаларында жас отбасыларға арналған квоталар енгізу» іс-шарасы қарастырылған (*Нұрлы жер, Шаңырақ, Бақытты отбасы, Әскери баспана, «Жас отбасы», «Жастарға қол жетімді баспана», «Ақтөбе Жастары» және т.б.*).

Анықтама ретінде: 2021 ж. – 5%, 2022 ж. – 10%, 2023 ж. – 15%, 2024 ж. – 20%, 2025 ж. – 25%.

Осылайша, 2025 жылға дейін тұрғын үй құрылысының барлық бағдарламалары бойынша жас отбасыларға арналған несиелер үлесін 25%-ға дейін жоғарылату жоспарлануда.

Тұрғын үй бағдарламалары бойынша бірыңғай оператор «Отбасы банкі» АҚ болады.

Жалпы, 2025 жылға дейін 800 000 жастарды тұрғын үй жинақтау жүйесімен қамту көзделген.

Анықтама ретінде: 2021 ж. – 400 мың адам, 2022 ж. – 500 мың адам, 2023 ж. – 600 мың адам, 2024 ж. – 700 мың адам, 2025 ж. – 800 мың адам.

2014 жылдан бастап «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы (бұдан әрі – Конкурс) жыл сайын өткізіліп келеді.

Бұл конкурс адамгершілік құндылықтарын жаңғыртуға және отбасы мен некенің жағымды үлгісін дәріптеуге, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған.

Конкурсты өткізудің негізгі мақсаттары мен міндеттеріне ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, отбасылық құндылықтарды кеңінен дәріптеу, қазақстандық отбасының жағымды имиджін насихаттау жатады.

Қағидалардың 2-тармағына сәйкес конкурсқа отбасылар өзін-өзі ұсыну жолымен, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың, заңды тұлғалардың ұсынуы бойынша қатыса алады.

2014 жылдан бастап конкурсқа Қазақстанның барлық аумақтарынан 18 мыңға жуық отбасы қатысты (*2014 жылы – 1 298, 2015 жылы – 2 285, 2016 жылы – 2 579, 2017 жылы – 2 879, 2018 жылы – 2 952, 2019 жылы – 3 204, 2021 жылы – 2 768 отбасылар*).

Ағымдағы жылы аумақтық комиссияларға барлығы 2 768 өтінім түсті, оның 1 692 – отбасыдан, 1 076 – заңды тұлғадан.

Өтінім берушілердің 68,7 %-ы ауылдық жерден, 31,3 %-ы қалалық жерден. Қатысушылардың 37,3 %-ы көп балалы отбасылар, 22,3 %-ы жас отбасылар.

Конкурс лауреаттарын салтанатты марапаттау рәсімі ағымдағы жылғы 10 қыркүйекте облыстық және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары әкімдерінің қатысуымен онлайн форматта өтті.

Іс-шара соңында Мемлекет басшысының атынан 17 лауреат отбасыға дипломдар мен айрықша белгі (мүсіншелер) берілді.

Ағымдағы жылғы 15 мамырдан бастап 12 қыркүйек аралығында аталған конкурс бойынша 1 606 материал жарық көрді. Оның ішінде, республикалық

телеарналарда – 24 материал, республикалық басылымдарда – 22 материал, өңірлік телеарналарда – 104 сюжет, өңірлік газеттерде – 148 мақала, интернет-ресурстарда – 103, әлеуметтік желілерде – 1 205 материал жарияланды.

Сіздердің ұсыныстарыңызды ескере отырып, 2022 жылы өткізілетін байқауға жергілікті атқарушы органдарға тиісті жоспар әзірленіп, ұсыныс берілетін болады.

«Хабар» арнасы конкурстың жеңімпаздары туралы деректі фильмдер көрсетті.

Сонымен қатар, отбасылық құндылықтар бойынша тұрақты түрде ақпараттық қолдау жұмыстары жүргізілуде.

Аталған бағытта «Qazaqstan» РТРК» АҚ, «Хабар» агенттігі» АҚ-да «Тәлім trend», «Иман өзегі», «Таңшолпан», «Qalamaimyn», «Олжалы отбасы», «Бүгін», «Қоғамдық талқылау», «Народный контроль», «Өзін-өзі тану» сынды бағдарламалар мен ток-шоулар аясында отбасы құндылықтары туралы арнайы кең ауқымдағы шығарылымдар көрсетілді. Бағдарламаларда еліміздің зиялы қауым өкілдері мен қоғам қайраткерлерінің, журналистер мен саясаттанушылардың, ғылым, білім, медицина, мәдениет, спорт сияқты түрлі сала өкілдерінің еліміздің әлеуметтік, мәдени, қоғамдық-саяси өміріндегі оқиғаларға қатысты пікір алмасуы болды. Бағдарламаларда қоғамның ең өзекті тақырыптары, оның ішінде отбасы құндылықтары, ескі мен жаңа дәстүрлер, тұрмыстық зорлық-зомбылық, бала тәрбиесі, олардың қауіпсіздігі мен құқығы сияқты әлеуметтік тақырыптар қозғалды.

Сондай-ақ, «Qazaqstan» РТРК» АҚ мен «Хабар» Агенттігі» АҚ «Шабдалы 18», «Айнымас Айғаным», «Қанатсыз құстар-2», «Келінжан» телехикаялары отбасылық құндылықтарды, оның ішінде қазақ келіндерінің өмірі туралы, бала тәрбиесі және түрлі тақырыптарды қамтитын сериалдарды көрсетті.

Жалпы отбасы мәдениетінің құндылықтарын сақтау, насихаттау бойынша тиісті жұмыстар жүргізіліп, қажетті шаралар қабылдануда және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Бұл бағыттағы жұмыстар барысында депутаттық сауалда көтерілген ұсыныстар ескерілетін болады.

Е. Тоғжанов